

ӘӨЖ 82\_12+821.512.122

## **ЖАРИЯЛАУШЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ. АЛҒАШҚЫ АЙТУШЫ АДАМ КІМ БОЛҒАН?**

**Бекбосынқызы Ақерке**

[aqerkee@gmail.com](mailto:aqerkee@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ержанова Гүлдария Баймурзаевна

Қазақ фольклортану ғылымында эпостық туындыларды үш салаға бөліп қарастырып келеді. Олар батырлық эпос, лиро-эпос және тарихи эпос. Лиро-эпос – лиро –эпикалық жанр, лирикалық әрі эпикалық тұрғыдан жасалған көркем әдеби шығарма. Лиро-эпостық шығарманың қаһармандары қарапайым, сүйіспеншілікке берілген нәзік сезімді, азаттық үшін күрескер жандар болып келеді. Батырлар жырымен салыстырғанда, сүйіспеншілік, махаббат тақырыбындағы жырларда халықтың тұрмыс-салты, әдет – ғұрпы, адамның ішкі сезімі молынан баяндалады. Бұлардың лиро-эпос деп аталуы да сондықтан. «Қыз Жібек» жыры да халық арасында көп замандар ауыздан-ауызға көшіп, біреуден – біреу жаттап алу арқылы кейінгі ұрпаққа жетіп, баспаға іліккен.

«Қыз Жібек» жырының нұсқалары көп. Талай ғасырларды басынан кешіргендіктен, лиро-эпостардың да негізгі желісіне басқаша бір оқиғалар, эпизодтар қосылуы кейде бір нұсқада бар көріністер, екіншісінде болмауы кейде шығармаларда суреттелетін оқиғалардың шиеленісі, шарықтау шегі мүлдем өзгеше болуы да ықтимал екендігін жырдың версиялары мен варианттары дәлелдеп берді. Осы орайда мынандай сұрақ туындайды: «Қыз Жібек» жырының алғашқы айтушысы кім? Жырды жариялаушының қызметі қандай? Версиялары мен варианттар қатарына ауызша үлгіде жырлаған нұсқаларды кіргізе аламыз ба? Қойылған сұрақтардан кейін жырдың алғашқы айтушысы мен жариялаушы арасындағы байланыстың маңызды тұстары бар екендігіне көз жүгірте аламыз. Бұл жағдаятты ғылыми тұрғыда қарап, жырдың үш нұсқасы мен бірнеше айтушысы салыстырылып, сараптама жұмыстары жасалды.

Ғылыми мақала жазу барысында салыстырмалы зерттеу тәсіліне жататын тарихи талдау, топтау және мәтіндік талдау әдістері қолданылды. Жырдың варианттылығы мен версиялығына, айтушысы мен жариялаушысына байланысты мәселелер шешімін ғылыми тұрғыдан және әдіснамалық тұрғыдан зерттеуде қазақтың алғашқы және бүгінгі зерттеушілерінің еңбектері

басшылыққа алынды. «Қыз Жібек» жырын зерттеушілердің қатарынан Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Мәлік Ғабдуллин, Ғабит Мүсірепов, Н.С.Смирнова, М.Ғұмарова, Әбубәкір Қоңыратбаев, Марфуға Шапиян, Жұмашай Рақыш т.б. ғалымдардың зерттеулеріне сүйендік.

Мақаламызда Әуезов зерттеулерінен де біршама деректі сөзге қоспай кетуіміз жөн болмас. Жырдың жазып алынуы, қашан басылып шыққаны, кімдердің бастырғаны жөнінде сөз қозғалып, жырда кездесетін жерлердің географиялық атауларына, сол замандағы адамдардың есіміне мән бере отырып қарамаса нақты дөп басып айтуға қиын екенін жаза келіп, жырдың шығу уақытын XVII ғасырға теліді.

Филология ғылымдарының кандидаты, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері Жұмашай Рақыш өз мақаласында: «Қыз Жібек» жырының бір нұсқасын белгісіз ноғай азаматы Қазанда «Чиркова» баспаханасында 1894 жылы жариялаған. Осы мәтін 1895, 1896, 1899 жылдары еш өзгеріссіз қайта басылады. Жүсіпбек Шайхыисламұлы осы нұсқаны біршама өзгертіп, 1900 жылы "Қазан университеті" баспаханасынан, 1903 жылы ағайынды «Каримовтер» баспаханасынан, 1905, 1909 жылдары «Университет» баспаханасынан, 1910 жылы «Домбровский» баспаханасынан, 1911 жылы «Сабах» баспаханасынан (9-басылуы деп көрсетілген) жариялады. Ж.Шайхыисламұлы «Жұртқа өзім шығарып жайып едім, қайтадан түзетіп жаздым» деп атап көрсетеді. Жырдың ғылыми басылымын дайындаған Мәлике Ғұмарова текстологиялық жинақта «Қазан» басылымдарын салыстыра келіп, екеуінің негізі бір екенін анықтайды, Жүсіпбек Шайхыисламұлы жырды айтушылардың бірі деген тұжырымға келеді» [1], - деп Мәлике Ғұмарованың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, жырдың алғашқы айтушысы мен жариялаушысы да бір адам екендігін пайымдай түседі.

Бірақ, хроникалық, жыл жағынан салыстырсақ, Жүсіпбек Шайхыисламұлының нұсқасынан бұрын Мұсабай ақын қолжазбасы сәл ертеректе жазылған. Шайхыисламұлының айтуы мен жариялау жылдарын 1896 жыл деп алғанның өзінде Мұсабай ақын қолжазбасы 1887 жылы жазылған. Айтылған пікірмен келісе отырып: «Қыз Жібек» жырының әр-кезде әркімдердің орындауынша бізге келіп жеткен версиялары түптеп келгенде 2-3 нұсқадан аспайды, қалғандарының қайсысын алсақ та солардың бірін болмаса да бірін қайталайды. Жырдың халық арасында негізгі айтушыларының бірі – Мұсабай жырау» [2; 70-75], - деген Ысқақ Дүйсенбайдың пікірін де дәйек етіп ала аламыз.

Фольклортанушы Ысқақ Дүйсенбаевтың еңбектеріне сүйенсек, «Қыз Жібек» жырын алғашқы боп жариялаушылардың бірі – Мұсабай ақын болғанымен, айтушыларға келгенде, алғашқы айтушы – Қалшынбайұлы Әли жырау боп шыға келеді. Бұған дәлел келтіре түссек, ғалым өз еңбектерінде: Қарт жазушы Сапарғали Бегалиннің куәлігі бойынша белгілі халық ақыны Омар Шипин жас шағында «Қыз Жібек» жырын Қалшынбай ұлы Әби жыраудың аузынан жаттап алып айтып жүрген, бірақ қарт ақын кейінгі кезде оның көпшілігін ұмытып қалып, есіне тек бірер шумақтарын сақтап келген» [3], - жазылып алынған шумақтарын көрсетіп, тұжырымдама келтіреді.

Демек, жырдың айтушысы мен жариялаушысының маңыздылығы осы тұста көрінеді. Жүсіпбек Шайхыисламұлы Қытайдан кеп, халыққа жырды таратты делінсе, Мұсабай жырау Хиуа жерінде өмір сүріп, қазақ-қоқан арасындағы тарихи жағдайларды көп сипаттаған деп жазады. Алғашқы айтушы кей әдебиетте Мысабай, Марабай деп те берілген Мұсабай жырау туралы Айсұлу Хайрулдаева мынандай мәліметтер келтіреді: «Жыраудың 1840-1860 жылдар аралығындағы Сырдың төменгі саласын мекен еткен қазақ егіншілерінің тыныс тіршілігін, олардың Жанқожа Нұрмұхамедов бастаған Хиуа хандығы мен Ресей отарлаушыларына қарсы азаттық күресін жырлаған «Жанқожа батырдың толғауы» атты 43 шумақтық жырының Мұсабай жырау нұсқасын Қазалы бекінісінде қызмет атқарған орыс офицері И.В.Аничков оның өз аузынан жазып алып, 1894 жылы алғаш рет С.Петербургте Н.Веселовский шығарған жинақта

қазақ, орыс тілдерінде жариялаған [3, 71-82,117-124-бб.]. Шығарма жайлы алғаш пікір білдірушілердің бірі қазақтың белгілі жазушысы, зерттеуші С.Мұқанов жырдың Аничков нұсқасы олақ деген пікір айтады»[4,109].

Ал, жырдың алғашқы жариялаушы, қазақ даласына жырды 6 рет бастырып таратқан Жүсіпбек Шайхысламұлына тоқталсақ, ақын – Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесіндегі қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушысы деп айтқанымызбен, бүгінде қолымызға тиген еңбектері саусақпен санарлық. «Жүсіпбек Шайхысламұлы – қазақтың бірінші баспагері Жүсіпбекқожа Шайхысламұлының өмірі мен қызметі туралы» атты М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба және текстология бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Тоқтар Әлібектің мақаласында Шайхысламұлын қазақтан шыққан ең алғашқы баспагерлердің бірі екендігін сөз ете отырып, Жүсіпбек жырының нұсқасы қазақ даласына кең тарағаны - «Қыз Жібек» жырының басқа варианттарының шығуына тосқауыл болатындығы туралы тұжырым жасайды. Мұсабай ақынмен салыстырғанда Шайхысламұлынан жырдың нұсқасын тіпті Әуезовтің өзі жүзбе -жүз кездесіп жазып алғандығы тарихта болған жағдай екені - алғашқы жариялаушының Жүсіпбек ақын екендігін айғақтай түскендей. Ол туралы Тоқтар Әлібеков былай дейді: «Фольклортанушылардың зерттеулеріне қарағанда, Жүсіпбек жырды Ақшәмшіде тұрған бір жыраудан жазып алып, өзінше жырлап, ел арасына таратқанын, кейін баспаға дайындағанын М.О.Әуезовпен кездесуінде өз аузымен айтқан. Шынында, ұлы жазушы 1926 жылы «Қилы заман», «Қараш-Қараш оқиғасы» шығармаларын жазу мақсатында Албан еліне барғаны мәлім. Сол жолы болашақ туындыларына материалдар жинаудан сырт өңірдегі халық шығармашылығына да мән беріп, зерттеулер жүргізгендігін оның «Казахское народное творчество и его поэтическая среда» еңбегінен аңғаруға болады. Ал Жүсіпбекпен жүзбе-жүз кездескендігі жазушының аталған зерттеудегі мына сөздері айғақты дәлел болады: «В молодые годы посетил многие районы казакской степи. Наконец последние 20 лет провел среди китайских казаков рода Қызай и только недавно вернулся в Россию и поселился среди албан. ... Разносторонний в своей прошлой деятельности, он не желает ограничиваться и в беседе с нами однообразным кругом тем о поэтическом творчестве» [5].

Қорытындылай келе, Қазақ лиро-эпостық шығармаларының өзін шығу бойынша екі топқа жіктей аламыз. Біріншісі – қазақ даласына кең таралған шығармалар болса, екіншісі ғылыми кітапханаларда қолжазба күйінде сақтаулы тұрған бірнеше жырдың варианттары мен версиялары.

Қай жырдың болмасын айтушысы мен жариялаушысының атқаратын рөлі басым болады. «Қыз Жібек» жырының нұсқаларының алуандығы - бізге жырдағы тарихи оқиғалар мен алғашқы нұсқа, варианттылық пен версияларын зерттеуге мүмкіндік ашады. Бірнеше қазақ зерттеушілерінің мәліметтерін келтіре отырып, «Қыз Жібек» жырының алғашқы айтушысы мен жариялаушысына талдау жасадық. Мұсабай ақын мен Жүсіпбекқожа Шайхысламұлының жырдағы алатын орнын мен рөлін де анықтап, «кім алғашқы айтушы, кім алғашқы жариялаушы», - деген сан-саққа бөлінген пікірді бір жақты қылдық.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Рақыш Жұмашай Сайлауқызы Қазақ текстологиясы: эпостық жырларды мерзімдеу (датировка) мәселелері Әдебиет әлемі 2017 - г. ISBN 978-601-7414-78-8 26 - стр.
2. ҚАЗАҚСТАН
3. Дүйсенбаев Ы. Қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы, 1960.- 70-75б
4. Дүйсенбаев Ы. Қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы, 1960.
5. Айсұлу Хайрулдаева, әлеуметтік ғылымдар магистрі ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының PhD докторанты: XIX ғасырдың бірінші

жартысындағы қазақтардың Хиуа және Қоқан хандықтарымен қарым-қатынастары туралы жыраулар шығармашылығында. - Электронный научный журнал «edu.ehistory.kz» № 2(10), 2017

6. Тоқтар Әлібек: Жүсіпбек Шайхисламұлы – қазақтың бірінші баспагері. Жүсіпбекқожа Шайхисламұлының өмірі мен қызметі туралы. – Алматы, 2020

7. Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/55845/>